

Жаңа әлеуметтік төлем кімдерге тиесілі?
2-бет

Қызылшаға қарсы иммундау басталады
3-бет

Сұңқар бейнесі сақталған таспа
8-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕНБИ, 4 ҚАРАША, 2023 ЖЫЛ №123 (23 299) www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қор – жеткілікті, баға – бақылауда

Қараша туысымен ел ішін «көмір кат» деген қауесет кезді. Бірақ бұл шындыққа мүлде жанаспайды. Қарағанды аймағы көмірден тарыққан жоқ. Мұны ресми ұйымдар растайды. Десек те, шаншудай қадалған мұндай қаңқудың шығу төркіні басқада екен. Мәселе – шалғай ауылдағы ағайынға кеніштен шыққан көмірдің қымбаттап жетуінде.

– Қарағанды қаласында көмірді қажет ететін 214 көппәтерлі тұрғын үй мен 25 мыңнан астам жер үй бар. Кейінгі уақыт-



Коллажды жасаған Ш.Адылбекова

Ал, негізі, көмірдің бастапқы бағасы көңілге де, қалтаға да қонымды екен. Айталық, «Шұбаркөл көмір» АҚ-ынан шығатын көмір тоннасы – 8 мың 790 теңге. Тағы бір еске салатын дүние. Биыл бұл компания жекелеп көмір жететіндерге жол берген жоқ. 2023 жылы биржалық сауда-саттық қорытындысы бойынша коммуналдық-тұрмыстық көмірді көтерме сатып алушы болып, «Көмір гарант» ЖШС анықталғаны аян. «Көмір гарант» ЖШС-мен бірқатар елді мекендердің отын базаларында көмір сату туралы шешім қабылдады. Ал ол көмір белгіленген отын базаларына үздіксіз жеткізілуде. Бірақ ауылға жеткенше бұл баға 3-4 есе «өсіп» барады. Дәніккен делдалдың бұл амал да айылын жиғызса алмады. Қайтпек керек мұндайда?

– Қарағанды облысының тұрғындарына көмір 55 пунктте сатылып жатыр. Облыста көмір қоры – 49,8 мың тонна. Қазіргі таңда көмір сағатын орындарда кезек жоқ, – дейді өнеркәсіп және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы Дарын Бұлқайыр.

Басқарма басшысының хабарлауынша, «Шұбаркөл көмір» АҚ күн сайын облысқа 35 вагон жөнелтеді екен. ХМК ауданындағы негізгі көмір сату нүктесінде күніне 120-ға жуық көлік тиелетін көрінеді.

Кешегі күні Қарағанды қаласының басындағы «көмір жыры» туралы қала

әкімінің орынбасары Абзал Рахымбаев баяндады. Оның айтуынша, «Қарағандының басы көмірсіз қалтырап отыр» деген сөз – бекер. Қарағандының өз басындағы 20

көмір операторында көмір шаш етекпен, жетіп артылады. Нақтылағанда, бүгінде осы операторлардың алтауында 22 мыңға жуық тонна көмір жатыр.

та Қарағанды қаласында көмір жеткіліксіз деген хабар тарауда. Бүгінгі күні Қарағанды қаласының аумағында 20 көмір операторы бар. Олар халыққа отынды жет-

кізумен айналысады. Сол 20 оператордың алтауында 21 мың 885 тонна көмір бар. Оның ішінде, «Шұбаркөл көмірі» – 16 мың 500 тонна болса, «Майкөбе» көмірі – 2 мың тонна. Сонымен қатар, «Сәт» көмірдің 1 мың тоннасы жатыр. Айта кету керек, «Рapid» көмірі де жеткілікті, – дейді Абзал Рахымбаев.

Ал ауылдағы ағайынның жан дауысын шығарған баға қайдан келді? Әлбетте, делдалдың дәніккен тірлігі демеске, шара жоқ. Капиталистік қоғамда отырып, делдалдарды да кінәлау «біртүрлі» секілді. Бірақ, Қарқаралы ауданының басына тоннасы 21-25 мыңнан жететін көмір ауылдарда 28 мыңнан екен. Мұны Қарқаралы ауданы Татан ауылының тұрғыны Ерлан Хасенов айтып отыр. Татан ауылы Қарағандыдан – 400 шақырым қашықтықта.

Бұл тұрғыда ауыл әкімдігі қарап отырмаған көрінеді. Ауыл тұрғындарына баға 25 мың теңгеден асса, дереу әкімдікке хабарлау қажеттігін ескертіпті. Әйткенмен, бұдан құлағдар емес ауылдықтар алыпсатарлардың «жемі» боп жатқаны және өтірік емес.

– Бізге ауылға тоннасы 28 мың теңгеден әкеліп, саудалап жатыр. Ауыл әкімдігі бізге ескерті. Егер ауылға келген көмір тоннасы 25 мың теңгеден жоғары болса, бірден әкімдікке хабарлау қажеттігін. Бірақ 28 мың теңгеден алып жатқандар ауылда көп, – дейді Ерлан Хасенов. Бұл бір ауылдағы жағдай емес. Ауыл атауының киген кепеші – осы.

Негізі, көмірдің үстінде отырып, оның қымбаттығы – нонсенс.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

БҰҰ стандартына жетер күн жақын

Баспана бұрын бұқараның кәдімгі бас ауруы еді. Баспана дегенде, елдің еңірегінде, етегі жасқа толардай-тын. Қазір ахуал біршама оңалды. Жағдай жақсарып келеді. Осы күні тұрақты табыс пен екінші деңгейлес банк талаптарына жауап берсе, пәтерлі болуы бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдеу. Тандап жүріп, шекесінен шертіп алуға мүмкіндік бар. Бұған мемлекеттік бағдарламалардың зор септігі тиді. Мұны осы арада баса атау қажет. Мемлекет басшысы тұрғын үй мәселесін ұдайы назарда ұстайды. Қаперде әуелі кезекте – мұқтаждар. Оны ресми тіл әлжуаз, әлсіз, осал топ деседі. Бұдан бөлек, қалаға келіп, паналайтын қуыс таппай, қаңғыбастың күйін кешкен жастардың баспана алуы да Үкіметтің есінде. Не десек те, жұртшылық ақырындап, «үй» деген мұратына жетіп келеді...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ашық ресурстардағы деректерге жүгінесек, БҰҰ әлеуметтік стандарттары бойынша әрбір тұрғын кемі 30 шаршы метрмен қамтылуы керек екен. Ал «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» елімізде тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткіші 2022 жылдың қорытындысында 1 тұрғынға шаққанда 23,4 шаршы метр дейді. Аталған көрсеткіш 2018 жылғы деңгейден 6,8% жоғары көрінеді. Ол уақытта әрбір қазақстандыққа 21,9 шаршы метрден келген еді.

➤ 3-бет



Реформа – өміршең өзгерістер

Инвестициялық климат тартымды



Қарағанды облысында инвестиция тарту жұмыстары белсенді. 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысында көрсеткіш 567,3 млрд. теңгені құраған. Бұл инвестиция көлемінің өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,5 пайызға артқанын көрсетеді деп хабарлады облыстың экономика басқармасының баспасөз қызметі

Статистикалық деректер тоғыз айда облыстың өнеркәсіптік кәсіпорындары 2,5 триллион теңгеге өнім өндіргенін көрсетеді. Өнірде кәсіпкерлік белсенділік те жоғары. Мәселен, жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны шамамен жүз мыңнан асады.

Инвестициялық жобаларды іске асыру жаңа өндірістер құруға, импортты алмастыруға және өнірдің экспорттық әлеу-

етін дамытуға бағытталған. 2023 жылы Бірыңғай индустрияландыру картасы шеңберінде 416 жаңа жұмыс орны құрылып, 68,7 млрд. теңгеге үш жобаны іске қосу жоспарда. Облыста 2027 жылға дейін жалпы сомасы 1 триллион теңгеден асатын өңдеуші өнеркәсіптің 55 инвестициялық жобасының пулы қалыптастырылды. Оларды іске асыру 13 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Қаржының 90 пайызынан астамы жеке инвестицияларға тиесілі екенін айту керек. Соның жарқын мысалының бірі – Saran индустриялық аймағындағы шина зауыты. Өткен жылы «KamaTyresKZ» ЖШС жобасын іске асыруға 86,4 млрд. теңге салынды. Бұл өнір өнеркәсібін дамытуға, моноқаланың ғана емес, облыстың экономикасын әртараптандыруға қызмет етпек.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынасыз) балама жазылу жүргізіледі.



Kaspi.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!

«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5827,65
		12 ай	11655,30
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	6 ай	3079,65
		12 ай	6159,30

Жеңілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша (бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10215,00	10415,40
Жеке жазылулар үшін	3492	5535,30	5651,40

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovy@bk.ru

Баспасөз - 2024



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 497.34

•USD/KZT 468.13

•RUB/KZT 5.03

•CNY/KZT 63.97

Қазақстан Ұлттық Банкінің 3 қараша 2023 жылғы дерегі бойынша



• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Жаңа әлеуметтік төлем кімдерге тиесілі?

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова Балқаш қаласына жұмыс сапарымен келді. «Қазақмыс» корпорациясына қарасты мекемелердің еңбек ұжымдарымен кездесіп, еңбек және әлеуметтік саланың өзекті мәселелері хақында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев, «Балқаштүстігет» өндірістік бірлестігінің Бас директоры Бауыржан Баймұханов қатысқан жиын Костенко шахтасындағы жарылыстан қаза тапқан азаматтарды еске алумен басталды.

Министрдің мәлімдеуінше, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жаңа әлеуметтік төлем тағайындаудың негізгі қағида-тарының жобасын әзірледі.

Мәселен, 55 жасқа толған, қыз-

меткерлер үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына кемінде 7 жыл аударған және зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтар арнайы төлемдерге қол жеткізе алады. Арнайы төлемдер төрт көзден қаржыландырылады.

Яғни, жекелеген азаматтарға мұндай төлемдерді ұсыну республикалық бюджет есебінен ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1,5 еселенген көлемі, жұмыс беруші және өмірді сақтандыру компаниясы тарапынан ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшері және зейнетақы жарналары арқылы жүзеге асырылады.



Оның орташа көлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің бес айлық көлеміне тең. Жобамен, 200 мың теңгенің мөлшерінде.

Таңдау – жұмысшының еркінде. 55 жасында арнайы төлемдермен қамтыламын десе немесе зейнет жасына дейін жұмыс істеуін жалғастыруға ниетті болса (денсаулығы жарамды болса), оны жекелеген азаматтар өзі шешеді.

Сондай-ақ, өндірісте жұмыс істеп, жазатайым жағдайлар салдарынан, өндірістің зиянынан жарымжан болып қалған азаматтарға өмірді сақтандыру компаниялары есебінен өмірінің соңына дейін

төлемдер төлеуді жалғастыру алдағы жыл басынан жоспарланып отыр.

Халықты әлеуметтік тұрғыдан қорғау мақсатындағы осындай жұмыстарды таныстырған министр Светлана Қабықкызы жиын соңында азаматтарды жекелеген мәселелері бойынша қабылдады.

БАЛҚАШ



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

істеп жатырмыз, – деді Әсет Шегебаев.

Бүгінде қалада 24 мың тонна құм-түз және 30 мың тонна көктайғаққа қарсы қоспа дайын-



автогрейдерлер, самосвалдар, тиегіштер, – дейді «Тазалық Эксперт» ЖШС директорының пайдалану жөніндегі кеңесшісі Әсет Шегебаев.

Компания өткен жылғы инертті материалдың сапасына қатысты шағымдарды да ескергендерін ай-

тады. Биыл ұсақ фракциялы құм-түз қоспасы дайындалған.

– Тротуарларды қосуға мүмкіндік беретін арнайы техника сатып алдық. Адамдарымыз да жеткілікті. Кадрлар тапшылығы болған еді, жалақыны көтердік және қазір толық штатта жұмыс

далған. Жолдарды тазарту жұмыстары екі ауысымда, ал қалың қар жауған жағдайда тәулік бойы жүргізіледі.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖАҒЫМДЫ жаңалық

Бала қуанышынан артық бақыт жоқ

Ақтоғай ауданының екі ауылында балалар ойын алаңы ашылды. Бұған дейін жастар жергілікті әкімдікке балаларға арналған спорт нысанын жабдықтау жөнінде бірнеше рет өтініш білдірген болатын.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауданы 800 шаршы метрді құрайтын көпфункционалды спор алаңы Сарытерек ауылдық округінде орналасқан. Заманауи үлгідегі ойын алаңын көрген балалардың қуанышында шек жоқ. Әткеншек, айналмақ, сырғанақтар сапалы материалдан жасалған.

– Біздің ауылдық округте 630 адам тұрады. Оның 80-і – 18 жасқа дейінгі балалар. Жазда олар қор-та футбол және басқа да ойындар

ойнайды, ал қыста хоккей тебеді. Корт қоршалған, барлық талап-тарға сай, – деді Сарытерек ауылдық округі әкімдігінің бас маманы Нұртілек Ігібеков.

Сондай-ақ, Қараменде би ауылдық округінің Қуаныш ауылында да заманауи балалар ойын алаңы ашылды. Ауыл тұрғындарының айтуынша, ойын алаңы аумағында әткеншек, сырғанақтар бар болған-дықтан, ауылдың кішкентай тұр-ғындары үшін сүйікті жерге айнал-ды.

Ақтоғай ауданы

• ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Талаптыға жұмыс табылады

Жыл басынан облыста 11 мыңнан астам жас жұмысқа орналастырылды. Ал, оның 8 мыңнан астамы – тұрақты жұмыс. Облыс қалалары мен аудандарының мансап ор-галықтарына осы жылдың басынан 18 675 жұмыссыз жас жүгінгенін де айту керек.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– 11 651 адам жұмысқа орналастырылды, оның 8637-сі тұрақты жұмыс орындарына, 186-сы – «Әлеуметтік жұмыс орны» бағы-тымен, 813-і – «Жастар практикасы» бағдар-ламасымен, 1578 адам қоғамдық жұмыстарға жіберілді. Ал, 25-і – «Ұрпақтар келісімшар-ты» жобасына қатысады. Тағы 412 жұмыссыз алғашқы жұмыс орындарын тапты, 241 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өтті, – дейді облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы.

Мәдина Бұраханова – Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік уни-верситетінің түлегі, қаржыгер. Оқуын бітір-геннен кейін Қарағандыға көшіп келген. Ол біраз уақыттан бері мамандығы бойынша жұ-мыс таба алмағанын айтады.

– Мансап орталығына жүгіндім. Қараған-ды ипотека орталығында «Жастар тәжірибесі» бойынша жұмыс ұсынды. Келістім, өйткені бұл – мен үшін жақсы тәжірибе. Қазір ма-мандығым бойынша жұмыс істеймін, егер бір жылда өзімді көрсете алсам, осында тұрақты жұмысқа қалдыруы мүмкін. «Жастар практи-касы» бағдарламасы жұмыс тәжірибесі болма-са да, ірі компанияларда жұмыс істеуді арман-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

дайтын жоғары оқу орындарының түлектері үшін тамаша мүмкіндік, – дейді ол.

Сонымен қатар, «Бизнес Бастау» бағдар-ламасы аясында кәсіпкерлік негіздеріне 2502 адам, ал, 485 адам Skills.enbek.kz порталында онлайн-оқытудан өткен. 35 жасқа дейінгі ха-лықтың әлеуметтік осал топтарының ішінен 14 адам «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» бойын-

ша бизнес ашуға және дамытуға мемлекеттік гранттар алған. Өңірде мүгедектігі бар, ең-бекке қабілетті адамдар үшін 13 жұмыс орны құрылған.

Өнеркәсіп және құрылыста мамандарға сұраныс көп. Бұл сылақшылар, инженерлер, инженер-механиктер, құрылыс слесарылары,

тердің әкімдіктеріне беру, мем-

лекет мұқтажы үшін алып қою, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорын тексе-ру арқылы мүмкін болды, – дейді басқарма басшысы.

Нұрлан Ләмбеков жерді мем-лекет меншігіне қайтару жалғасып жатқанын да атап өтті. Тоғыз айда 400 мың гектарға жуық жер қай-тарылған. Бұл аумақтар негізінен ауыл шаруашылығына арналған.

– Қайтарылған 372,5 мың гек-тардың 248,2 мыңын тұрғындар өз еркімен қайтарды. 113 мың гектар жердің жалдау мерзімі аяқталды. Ал, 8,4 мың гектары сот шешімімен, 2,9 мыңы басқа жолдармен қайтарылды. Жалпы, облыс бойынша пайдаланыл-маған немесе ұтымсыз пайдала-нылған жерлерді қайтару жоспары бекітілді. Оған сәйкес 580 мың гектар жерді қайтару қажет, – деді Нұрлан Ләмбеков.

Айта кету керек, өңірдің жер көлемі – 24 млн. гектар. Оның 1 млн. 355,5 мың гектары – егістік. Жайылымдар – 18 млн. гектар, ал қалғаны – кен орындарында, ша-бындықтар және көпжылдық шөп-терге тиесілі.

Өз тілшімізден

• РЕСМИ

Қымбат мүліктің салығы жоғары

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров ел азамат-тарының қандай мал-мүліктеріне салық салынатыны туралы баяндады.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Заңнамаға сай салық не-гізінен қымбат көліктерге, жеке меншіктегі ұшу аппараттары, жылжымайтын мүлікке салы-нады. Қымбат көліктерге келер болсақ, оларды тіркеу немесе Қазақстан аумағына әкелу кезін-де салық құны да еселенеді, – деп Әлібек Қуантыров Сенат отыры-сында атап өтті.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауы бойынша фи-

скалдық реттеуді қайта жүктеу мақсатында 2023 жылы жаңа Са-лық кодексі дайындалды. Осыған орай, салық реформасы аясында қымбат жылжымайтын мүлік объектілерін, көлік құралдарын сатып алу кезінде салынатын са-лықтың мөлшерін нақтылау көз-деліп отыр. Бұл мәселе әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, Ұлттық экономика министрлігі жанындағы салық заңнамасын жетілдіру жөніндегі жұмыс то-боғам» Жолдауы бойынша фи-

Пайдаланылмаған жер ғарыштан анықталады

Қарағанды облысында жер заңнамасындағы бұзушы-лықтар арнайы платформаның көмегімен анықталады. Бұл бақылау субъектісіне бармай-ақ профилактикалық бақылау жүргізу тәртібін айқындайтын Жер кодексіндегі 145-1 баптың нәтижесінде мүмкін болып отыр. Бақылау жыл сайын қыр-күйектен қарашаға дейін жүзеге асырылады. Бұзушылықтар анықталған жағдайда бақылау субъектісіне оларды жою ту-ралы нұсқау жіберіледі. Әкімшілік іс қозғалмайды. Жұсауды орындау мерзімі – оны алған күннен бастап бір жыл.

– «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰҚ» АҚ JерInSpectr платфор-ма-сы арқылы облыс бойынша 2022 жылдың қарашасында 1 млн.103 мың гектар жер пайдаланылмай-тыны анықталды. Бұл фактілерді аудандық жер бөлімдері раста-ды. Облыстың жер ресурстарын басқару департаменті 749 субъек-тіге бұзушылықтарды жою туралы нұсқаулар жіберді. Нұсқауларды белгіленген мерзімде орындамау Кәсіпкерлік кодексте айқындалған тәртіп бойынша профилактикалық бақылауды тағайындау үшін негіз болып табылады, – дейді облыс-тың жер қатынастары басқармасы-ның басшысы Нұрлан Ләмбеков.

Сондай-ақ, малды жайылым-мен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде елді ме-кеңдерде жайылымдардың тап-шылығы – 753,1 мың гектар. Дегенмен, өткен жылмен салыс-тырғанда тапшылық 309,9 мың гектарға азайған.

– Тапшылықты азайтуға мемо-рандумдар жасасу, жайылымдар-ды басқару жоспары негізінде елді мекендерден тыс шалғай жайылымдарды белгілеу, жайы-лымдық жерлерді уақытша өтеу-сіз жер пайдалану құқығымен мал жаю үшін ауылдық округ-

тердің әкімдіктеріне беру, мем-лекет мұқтажы үшін алып қою, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорын тексе-ру арқылы мүмкін болды, – дейді басқарма басшысы.

Нұрлан Ләмбеков жерді мем-лекет меншігіне қайтару жалғасып жатқанын да атап өтті. Тоғыз айда 400 мың гектарға жуық жер қай-тарылған. Бұл аумақтар негізінен ауыл шаруашылығына арналған.

– Қайтарылған 372,5 мың гек-тардың 248,2 мыңын тұрғындар өз еркімен қайтарды. 113 мың гектар жердің жалдау мерзімі аяқталды. Ал, 8,4 мың гектары сот шешімімен, 2,9 мыңы басқа жолдармен қайтарылды. Жалпы, облыс бойынша пайдаланыл-маған немесе ұтымсыз пайдала-нылған жерлерді қайтару жоспары бекітілді. Оған сәйкес 580 мың гектар жерді қайтару қажет, – деді Нұрлан Ләмбеков.

Айта кету керек, өңірдің жер көлемі – 24 млн. гектар. Оның 1 млн. 355,5 мың гектары – егістік. Жайылымдар – 18 млн. гектар, ал қалғаны – кен орындарында, ша-бындықтар және көпжылдық шөп-терге тиесілі.

Өз тілшімізден

БҰҰ стандартына жетер күн жақын

(Соңы. Басы 1-бетте)

Баспанамен қамтамасыз етудің ең жоғарғы көрсеткіші 7 өңірде байқалған. Дәлірек айтқанда, Астана тұрғындарына – 30,5 шаршы метрден, Алматы қаласында – 29,1 ш.м. Ал өзге үздік өңірлер бойынша, Маңғыстау облысы – 28,4, Шымкент қаласы – 27,4, ШҚО – 26,5, Ақмола облысы – 26,1, Атырау облысы – 26 шаршы метрден. Қарағанды облысы әзірге осыларды өкшелеп қалды. Жаңылмасак, әр тұрғынға 23-24 шаршы метр шамасы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясында халықты баспанамен қамту саясаты жалғасатынын айтқан-ды.

«Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Маған азаматтардан күн сайын жүздеген өтініш келеді. Оның ішінде қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді сұраған хат өте көп. Бұл түйткіл мемлекет тарапынан мүмкіндігінше шешіліп жатыр. Тағы да қайталап айтамын, мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сонымен қатар, бұл тұрғыдағы мемлекеттік саясаттың қайта қаралып, оның мейлінше әділ әрі икемді болуын қамтамасыз етуді



міндеттеген еді.

Расында, қазір мемлекеттік тұрғын үй кезегінде тұрған мұқтаж жандарды кезең-кезеңмен баспанамен қамту іске асып жатыр. Бұл игі іс еліміздің барлық өңірінде қолға алынғаны мәлім. Әлеуметтік әлжуаз топтардан бөлек, қазіргі уақытта жастардың баспаналы болуына ден қойылды. Мәселен, бұған дейін Астана, Алматы қалаларында іске асқан жастар ипотекасы кейінгі екі жылда Қарағандыда да жалғасын тапты. Соның нәтижесінде, бытыр сексенге жуық жас, биыл жүзге тарта қыз-жігіт қоныстойын тойлады. Бұл жеңілдетілген ипотеканың

Қарағанды қаласының ғана емес, Теміртау секілді моноқалалардың да жастарын қамтығаны да өзге өңірлерге өнеге. Өйткені, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында мемлекеттік негізде әрекет ететін «Отбасы банктің» тек облыс орталықтарына ғана емес, өзге де аудан-қала аудандарына да назар аудару керектігін тапсырған еді.

«Бұдан бөлек, «Отбасы банктің» қызметін қайта қарау керек. Басты назарды облыс орталықтарына емес, аудандарға, моноқалаларға және ауылдарға аударған жөн» деген болатын Мемлекет басшысы.

Осы орайда Қарағанды облысындағы жастар ипотекасын атау керек. Бұдан былай бұл бағдарлама алдағы уақытта өзге серіктес қалаларда жалғасын табады деп күтілуде.

Жылына 5% өсіммен 20 миллион теңгеге дейін берілетін несие Президент тапсырмасының аясында аймақта қолға алынған айтулы іс дегуге негіз бар.

Ал, жалпы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының дерегінше, биыл, 2023 жылы облыста барлық қаржыландыру көзінен 400 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған болатын.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында бюджеттен 12,2 млрд. теңге бөлініп, қаражат халықтың әлеуметтік осал топтары үшін сатып алу құқығынсыз дайын жалға берілетін тұрғын үйді салу және сатып алу, облигациялық қарыздар есебінен кредиттік тұрғын үй салу, тұрғын үй құрылысына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу сияқты бірнеше бағыттарға жұмсалатынын мәлімдеген болатын құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы. Мұның сыртында металлургтер мен кеншілерге баспана берудің жеңілдетілген бағдарламасы тағы барын еске саламыз.

Бүгінгі таңда тұрғын үй құрылысынан аймақтың әрбір қала-ауданы қалыс қалмаған. Енді Президент тапсырмасына байланысты «Отбасы банк» облыс орталығынан шығып, аудандарда географиясын кеңейтсе, ауылдың тынысы ашыларына күмәнмен қараудың өзі күнә секілді.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жас тарихшылар – жеңіс тұғырында

Қарағандының жас тарихшылары республикалық байқауда екінші орынға ие болды. «Менің шағын Отаным» VI республикалық конкурсына 88 оқушы қатысқан.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақтөбедегі «Білім-инновация» лицейінде төрт қарағандылық оқушының жұмыстары ерекше бағаға ие болды. Атап айтсақ, «Менің шағын Отанымның тарихы» жобасымен Нұрмақов атындағы мектеп-лицейдің 10 сынып оқушысы Дәулет Нұр-

фазылов, «Менің шағын Отанымның болашағы» аталымында «Дарын» мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы Нұрәділ Темірхановтың жұмысына жоғары баға берілді.

«Шағын Отанымның символы» бойынша №3 гимназияның 10 сынып оқушысы Дания Хамзинованың жұмысы ерекшеленсе, «Менің туған өлкем» жобасын қорғаған №7 мек-

тептің (Осакаров ауданы) 10 сынып оқушысы Светлана Литвинконың жұмысы озық деп танылды.

– Қарағандының дамуына үлес қосқан тұлғалар көп. Бірақ таңдауымыз кеңес заманында орман басқармасын басқарған атам – Хамза Аманбековке түсті. Ол Қарағанды, Саран, Шахтинск, Абай, Екібастұз, Ақтау және Шаханның топырақ карталарын жасады. Қарағандының топырақ картасы әлі күнге дейін көгалдандыру жобаларын әзірлеуде және нысандарды салуда қолда-

нылады. Мен отбасылық мұрағат материалдары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргіздім, отбасы мүшелерінен сұхбат алдым, сонымен қатар, қаламыздың көгалдандыру тарихын зерттедім. Өз елін сүйетін әрбір адам, ең алдымен, өзінің шағын Отанына, отбасына, үйіне, туған көшесіне құрметпен қарауы керек, – дейді Дания.

Байқау жүлдегері Дания Хамзинова жұмысын тарих пәнінің мұғалімі Мәдина Ержановамен бірлесіп жүргізген.

• ОЛИМПИАДА

Ұлытаудан жеңіспен оралды

Қарағанды NIS 9 сынып оқушысы Алидар Айтжанов Жезқазғанда өткен Қаныш Сәтбаев атындағы республикалық химия пәні бойынша олимпиадада бірінші орын иеленді. Бұл олимпиадада еліміздің барлық өңірінен 76 оқушы бақ сынасты.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олимпиада екі кезеңнен тұрды. Біріншісі – теориялық, екіншісі – практикалық. 9 сыныптағы химия курсың қамтыған теориялық турда сегіз тапсырманы орындау керек болды. Ал, практикалық турда оқушылар заттарды химиялық қасиеттері бойынша таныды.

– Олимпиада жақсы әсер қалдырды. Зияткерлік жарыстар лайықты ұйымдастырылған. Ал, практикалық тур өзгеше және қиын болды. Мен үшін олимпиада – білім мен мүмкіндіктерді тексеру. Бұл бәсеке – әзірге менің ең үлкен жетістігім. Үш жыл қатарынан олимпиадалық

химияға ден қойып келемін, – дейді Алидар Айтжанов.

Сондай-ақ, оқушыларға экскурсиялар ұйымдастырылды. Олар Қаныш Сәтбаевтың үй-мұражайында және Жездідегі тау-кен және балқыту тарихы мұражайында болды.

Алидар Айтжановтың жетекшісі – Қарағанды NIS химия пәнінің мұғалімі Смағұл Жүсіпов.

Қазақстан мен Орта Азияның КСРО-дағы Тұңғыш академиясының Ғылым Академиясының Тұңғыш Президенті Қаныш Сәтбаевтың құрметіне олимпиада жыл сайын өткізіліп тұрады және дарынды оқушыларды анықтауға, қолдауға бағытталған.

• ТІКЕЛЕЙ ЭФІР

Қызылшаға қарсы иммундау басталады

Аймақта қызылша ақпан айында тіркеліп, ол кезде 3 адам ауырды. Маусымда – 13, шілдеде – 41, одан кейінгі айларда 50-ден астам жағдай тіркелді. Өткен айда бұл көрсеткіш 106-ға жетті. 1 қарашадағы дерекке сүйенсек, облыстағы 266 жағдайдың 229-ы зертханалық әдіспен расталды. Ал, Қазақстанда қызылша күдігімен 25 344 жағдай есепке алынса, оның 11 057-сі расталып отыр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Асқынған ауру қауіпі

Қызылша бойынша эпидемиологиялық ахуал бізде ғана емес, әлемде күрделі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мұның себебін коронавирус пандемиясы кезінде көптеген елдерде қызылшаға қарсы тиісті вакцинацияның толық жасалмағандығымен байланыстырады. Мамандардың айтуынша, елде халықтың белсенді қозғалысы мен екпеден бас тарту инфекцияның тез таралуына әкеліп соққан.

Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Байгутанова ауырғандардың көбісі 14 жасқа дейінгі балалар екенін айтады. Оның 56%-ы – 1-4 жастағы балалар.

– Қызылша – дене қызуының көтерілуімен, жоғарғы тыныс жолдарының, ауыз қуысының, көздің шырышты қабықтарының қабынуымен және денеде бөртпелердің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы вирустық ауру. Көпшілік қызылшаға қарсы екпе алмай-ақ, жас кезінде бір ауырса жеткілікті деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Өкінішке қарай, кейбір жас аналар балаларын вакцинациялаудан бас тартпай, дәрігерлердің ұсыныстарын тыңдамайды және салдары туралы ойланбастан интернеттегі ақпаратқа сенеді. Ол асқынса, пневмония, энцефалит, панэнцефалит сияқты басқа аурулар пайда болуы мүмкін, – дейді Гүлжан Жақтайқызы.

Басты назар

Маман қызылшаның инкубациялық кезеңі орта есеппен екі аптаға созылатын



нын айтады. Бірақ 7-28 күн аралығында болуы мүмкін екенін де ескертіп, ата-аналар назар аударатын басты белгілеріне тоқталды.

– Инфекция жұқтырған адамда ол ешқандай айқын белгілерсіз жүреді. Ол аурудың инкубациялық кезеңнің соңғы 4 күнінде басқаларға жұқтыруы мүмкін. Аурудың алғашқы белгілері, әдетте, инфекциядан кейін 8-12 күннен кейін пайда болады. Дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, мұрыннан су ағу, жөтел және көздің шырышты қабығының қабынуы байқалады. Бұл кезде ұрттың шырышты қабатында ақ дақтар пайда болады (Филатов-Коплик дақтары). 13-14-ші күндері құлақтың артында бөртпелер пайда болып, бүкіл бет пен мойынға таралады. Бөртпе алдымен денеде, содан кейін қол мен аяқта шығады. Бөртпе кезеңінде дене температурасы 39 градусқа дейін көтеріледі. Интоксикация артады, мұрыннан су ағу, жөтел, жарыққа қарай алмау сияқты белгілер күшейеді, ұйқы нашарлайды. 3-4 күн ішінде

бөртпе пайда болған ретпен жоғалады, – дейді маман.

Емі – екпе

Қызылшаның тек симптоматикалық белгілері ғана емделеді. Бұл үшін ауруды жеңілдететін дәрі-дәрмектер тағайындалады. Бактериялық инфекция (отит немесе пневмония) болса, науқасқа бактерияға қарсы препараттар тағайындалады. Оның басқаша емі жоқ. Сондықтан, мамандар қызылшадан қорғаудың негізгі әдісі ретінде екпені айтады.

Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес қызылшаға қарсы жоспарлы егулер 1 жастағы (вакцинация) және 6 жастағы (ревакцинация) балаларға жүргізіледі.

Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша қызылшаға қарсы егу (шұғыл профилактика) бұрын ауырмаған, егілмеген және қызылшаға қарсы профилактикалық егулер туралы ақпараты жоқ немесе бір рет

дейінгі ұйымдарда қызылшаға қарсы екпе алмаған балаларды қабылдау керек. Сонымен қатар, ЖРВИ белгілері бар балалар да қабылданбауы тиіс. Медициналық себептермен екпе ала алмайтын балалар бар. Сондықтан, айтылған талап орындалуы тиіс. Балалар арасында аурудың таралуының алдын алу және ауыр жағдайларды болдырмау үшін екпе алуға кеңес береміз. Ал, түрлі себептермен екпе алмағандар болса, халық көп шоғырланған жерге бармаған жөн, – дейді Гүлжан Жақтайқызы.

Сонымен қатар, департамент басшысының орынбасары екпе алмаған 62 баланың балабақшадан шеттелгенін айтты. Оның 38-і екпе алды.

– Қызылша ұжымдық мекемелерде жиі анықталуда. Мәселен, 13 балабақшада 22 бала, 11 мектепте 23 оқушы, екі колледжде бір жоғары оқу орнында 3 адам ауырғаны анықталды. Бүгінгі таңда иммундау бойынша көрсеткіш тиісті деңгейге жеткен жоқ. 1 жастағы 16 123 баланың 12 028-і, яғни, 74,6%-ы және 6 жастағы 16 692 баланың 11 871-і немесе 71,1%-ы ғана екпе алды, – деді Гүлжан Байгутанова.

Қосымша иммундау басталады

Эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты елдің Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысы шықты. Құжатқа сәйкес, 6 қарашадан бастап, 6-11 ай аралығындағы сәбилерді, 5 желтоқсанныан бастап, 2-5 жас аралығындағы балаларды қызылшаға қарсы қосымша иммундау жүргізіледі. Мұның ішінде, жоспарлы вакцинациядан өтпеген медициналық қызметкерлер де бар.

– Иммундау үшін қызылшаға, қызылшаға және паротитке қарсы біріктірілген вакцина қолданылады. Ол – Үндістанда шығарылған және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынған вакцинасы. Біздің елімізде бұл вакцина 2003 жылдан бері қолданылып келеді. Осы уақыт ішінде иммундаудан кейінгі асқынұлар тіркелмеген. Қосымша иммундау емханаларда тегін жүргізіледі. Қолға алынған шараның негізгі мақсаты – қызылша мен оның асқынұларының одан әрі таралуын болдырмау. Вакцина иммунитетті күшейтеді. Сондықтан, құрметті ата-аналар, профилактикалық екпе алудан қашпаңыздар, – деді спикер.



• ҰЛТ ПЕН РУХ

Қоршаған орта

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

(Басы газеттің №№ 86, 89, 92, 95, 100, 103, 106, 112, 115, 118 сандарында)

Генофонд

1736 жылы кіші жүз ханы Әбілхайыр ұлысында болған ағылшын суретшісі Джон Кэстль: «Мұнда жүргеніме сандаған айдың жүзі болды. Қырғыздардың (қазақтардың) түр-тұлғасы мен денсаулығы өте күшті. Бұған қоса айтарым осы сапарымда бұлардың арасынан бірде-бір мүгедек пен ауру адамдарды ұшырата алмадым. Мұның басты себебі қырғыздардың (қазақтардың) жылқымен етене байланысында жатқан секілді», — деп жазыпты.

Ол да жөн шығар, бірақ , біздің ұлттық генофонды мөлдіретіп ұстап тұрған – жеті атаға жетпей, — қыз алмау дәстүрі ғой!

Қазақтың қара өлеңі

Дүние жүзі поэзиясындағы өлең өлшемдерінің ішіндегі ең кемел үлгісі осы біздің қазақтың қара өлеңі. Бірақ, оны бізден басқа ешкім біліп жатқан жоқ.

Білмегені жақсы...

«... Ал, мұның аруағы – Шопан ата»

Сексенінші жылдары Қойлыбай мені Қарқаралыға іздеп келді. Ол кезде жастар газетінің тілшісі. Ұыздай жас. Сөйлесіп көрсем, өне бойы өлең екен. Менімен қатарласа, қапталдаса қолына қалам ұстаған Дәуітәлі Стамбеков – Алматыда, Ғалым Жайлыбай – Жезқазғанда жүрген. Қолына қалам ұстап, ақ қағазға телміретін Арқа қазағының қарасы, мүлде, аздау кез. Ол кезде Қарағанды казактан оқшауланып, орыстанып кеткен өңірге жатады.

Жетпісінші жылдардың ортасы, Алматыда бір сыраханада Дәуітәлі, Жарасқан, Тынышбай бастаған бір топ ақындардың ортасында мен өлең оқығанда бір шөйірдін:

– Қарағандыда да қазақша білетін біреу бар екен-ау?! – деп аң-таң қалғаны әлі есімде...

«Кемелденген социализмнің» сол кездегі кескін-келбеті осындай еді.

Менің алғашқы жинағым отыздан асканда эзер жарық көрген. Ол кезде кітап шығару қиямет-қайым дүние болатын. Қарағанды облысындағы СССР Жазушылар одағының мүшесінің ұзын саны жеті-сегізге эзер жететін. Соның ең жасы мен едім. Кейінгі толқын жас буын мені қоршап, қолдап, дуылдап жүруші еді. Соның көш басында осы Қойлыбай болды. Қасында адуынды ақын Қара Дәулет жүреді. Жай жүрмейді, елді иіріп, алдына салып, айдап жүреді.

Орыстың ұлы ақыны Юрий Кузнецовтің «Я в поколение друга не нашел» деген өлеңі бар еді. Біздің басымыздан да сондай жағдай өткен...

Қойлыбайдың буыны мені саф таза адами болмыс, адалдығымен, өлең мен өнерге деген көзсіз іңкәрлігімен магнитше өзіне тарта жөнелді. Ол екі ортада социализмнің шаңырағы ортасына түсіп, қырып-жойып, нарық келіп жетті.

«Базарға кетті менің бір досым ақылды...» – деген өлең осы кезде туған.

Базарға кетті менің бір досым ақылды,
Автомен тасып арағын, алуын қатынды.
Елім-ай! – дейді егіліп кейде ішіп ап...

Бала кезінде бұ да өлең жазған пақыр-ды. Қорланып алып, қозы көш озып көп елден, Көрші-қолаңның қолпашына да бөленген. Балапан – басы, тұрымтай кетті тұсына, Мен ғана қалдым күллі жұрт безген өлеңмен. Көз еті өсіп күптей боп, майлы еттеніп, Өзінен-өзі қарайды неге кектеніп? Мен-сонау, қайран, балалық шақты сағынам, Қырықтан асқан қыркылжың кезді жек көріп! Қан базардың да төріне тігіп қосын кеп, Кердендеп кетті керемет көңіл хошым деп: «Анау бір сері менің бір әкім досым!» – деп, «Мынау бір пері менің бір ақын досым!...» – деп.



Кердендей берсін, кере де берсін қасын да, Қай баламенен ойнамап едім жасымда? Моцарт жоқ менде, у қосып шарап беретін, Құдайға шүкір, Сальери қалды қасымда! Айта да берсін аңыз ғып күнде атымды, Пендеден безіп, Музамен қалған мақұл-ды. «Елім-ай!» – дейді егіліп кейде ішіп ап... Бала кезінде бұл да өлең жазған пақыр-ды...

Қойлыбай мен Қара Дәулет Қарағандыда бітімі өзгеше әдеби орта құрып, қалыптастыруға аянбай атсалысты десе болады. Сол кезде облыстық мәдениет департаментінің басшысы, ұлттық руханияттың жанашыры Рымбала Омарбекованың ұйытқы болуымен, облысымызда әдеби, поэтикалық кештер, облыстық, республикалық ақындар айтыстары дүркіреп өте бастады. Сәкен серінің (Сәкен Жүнісов) «Алматы Мәскеуге ұқсаса, Қарағанды Петроградқа ұқсап барады!» – деген сөзі сол кезде айтылған!

Қойлыбай не бір аламан айтыста жүлделі орын-дарға ие болып, Қарағандының атак-даңқын республикаға шығарды. Айтыс ақындарының ішінде маған Баянғали Әлімжанов, Қонысбай Әбіл, Әзімбек Жанқұлиев, осы Қойлыбайлардың орны бөлектеу еді. Бұларға айтыстың алдын ала өлең жазып, (оны айтыскерлер «заготовка» дейді), сахнаға шығу мүлде жат. Суырып салады! Он тоғызыншы ғасырда казак сахарасына келген Янушкевичтерді аң-таң қалдырған суырып салып өлең айту – Сүйінбай, Жамбыл, Кемпірбай, Шөжелердің аруағы осылардың арқасына қонған-ды.

Әлі есімде. Фөниден бақиға көшерінің алдында Қарағандыға Әулие Атаның алдына жан салмаған жүйрігі Әзімбек Жанқұлиев келді. «Қазақстан» ко-нақүйінде әңгіме-дүкен құрып отырғанбыз. Өзінің

лайықты орнына отыра алмай, ішқұса болып жүрген кезі.

– Қойлыбай! – деп еді ол сонда – Біз екеуміз ақы-мақ болыппыз ғой?!

Ел елең ете түсіп:

– Неге?

– Қалай? – десті.

Сонда Әзімбек:

– Өленді мыналар құсап, алдын ала жазып, сах-наға жаттап алып шығу керек екен ғой?!

Сонда «мыналар» дегені – осында отырған бір топ ақын. Қып-қызыл болып кетіп еді...

Екеуінің айтыста жүргеніне он шақты жылдың мұғдары. Айтыс ақындарының бәрі білетін дүниені Әзімбек пен Қойлыбай бүгін сезіп отыр!

Ақын атаулының аруақ шақыратын бір пірі бола-ды. Жамбылдың пірі – Жолбарыс, Кемпірбайдікі – көк ала үйрек деседі. Қойшының ұлы Қойлыбайдың пірі Шопан ата болуы керек. Қой маңырап, қозысы жамырап жатқанда Қойлыбай – Қойлыбай бақсыдай

Өксігің өрттей болып – өзегінде?!

Нөсерлеп, боздап, кейде, далам-ау деп, Сайранын көкте жасын салар-ау кеп. Сол сен бе, – көк бұлттардың арасында Қап қойған қара нөсер – Қара Дәулет?!».

Мұндайда Абайға барып жұбанасың: «Алдыңғы толқын – ағалар, Кейінгі толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер». Қоңыр келіміміз тұла-бойы тұңғышына босанғанда атын «Ақерке» деп мен қойып едім. Игілік Омаровтың «Ақеркесі» жан-дү-ниемді жаулап алған кез ғой. Сол Ақерке әке жолын қуып, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті магистратурасының орыс тілі филологиясы факуль-тетіне түсті.

Қойлыбай Асан ердің жасы елуге келді дегенге се-нер-сенбесімді біле алмай отырмын. Бүгін өзімнің де қартаң тартқанымды сезінгендеймін. Оның бойында елім деп еміренетін махаббат сезімі, жақсы мен жа-манды айыратын ақыл-ой, бекзатқа ғана тән тектілік жетіп артылады. «Қойшының ұлы Қойлыбай» деген өлеңімді сексенінші жылдары жазған екем. Ол кезде Қойлыбай жиырма үш-жиырма бестегі жігіт. Елуге келсе де сондағы образынан әлі айнымаған:

Қойлыбай даусын көкке созбайды көп,
Қайғысын қай-қайдағы қозғайды кеп.
Қазақтың қалың қойы маңыраса,
Қосылып сонымен бір боздайды кеп.
«Долада жұрттан неге озбайды?» – деп,
Е, ел айтса – айта берсін...

Ақынның жеңсігі – өмір, азығы – сор,
Алашы – тоқтар алтын қазығы сол.
Қойшының қосында кеп дүниеге,
Қойлыбай атанды – бар жазығы сол.

Шөп те – өлең қазір жұртқа, шөңге де – өлең,
Шәйір көп шөңгеменен дөңгелеген.
Ал, мұның аруағы – Шопан ата,
Шаруасы болған емес өңгеменен.
Шабытсыз шырқамаған ол бір әнін,
Құлағын жүз бұрағын, он бұрағын;
Аруағы Шопан ата жебемесе,
Тіл-аузы байланады домбыранын.

Айтысса осындағы дөйлеріңмен,
Қойлы ауыл көшіп өтер ой легінен.
...Халтурщик машинамен қайтады ылғи,
Қойлыбай – тер шылқыған көйлегімен...

Кемпірбай, Шөже туған шаңырақ бұл,
Ол кейде шырқар дерсін анырап құр.
Өйткені қошаканы жамырап бір,
Өрістен қайтқан қойы маңырап тұр.

Кейде оның жазылады бой, бауыры,
Ойран сап дүниеге ой дауылы.
Өйткені, пұл алып қайт демей оны,
«Сөзінді айт!» – деп жіберген қойлы ауылы.

Қойлыбай даусын көкке созбайды көп,
Қайғысын қай-қайдағы қозғайды кеп.
Қазақтың қалың қойы маңыраса,
Қосылып сонымен бір боздайды кеп.
«Долада жұрттан неге озбайды?» – деп,
Е, ел айтса – айта берсін...

2014 жыл, қараша.

Поэзия мен тақпақ

Поэзияның қас дұшпаны – тақпақ; ол тақылдап төрге озған сайын өлең күнде өледі!

(Жалғасы бар)

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Ер есімі елеусіз қалмаса екен

Қарағандыда Халық Қаһарманы Жұмабек Тәшенев атындағы көше жоқ. Бұл – «елдігімізге сын» дейтіндей-ақ мәселе. Ұлт үшін көзсіз ерлікке барған тұлғаны тиісінше қадірлей алмай отырмыз. Елді сақтаған ердің құнын білген жұрт едік. Ең өкініштісі – халықтың басым көпшілігі Жұмабек Тәшеневтің кім екенін де білмейді. Жастар түгілі, орта жастағылар да естімепті. Дәріптелмесе қайдан білсін?! Кеншілер шаһарына Халық Қаһарманы атындағы бір көше керек-ақ! Уақыттың да талабы – осы. Өйткені, көше атаулары сән үшін қойылмайды. Мұның да идеологиялық маңызы зор екенін көзі ашық азаматтар жақсы біледі.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен ғасырдың 50-ші жыл-дары Совет үкіметінің тізгіні Никита Хрущевтің қолына тиеді. Жаңа басшы қанмен қорғалған мынау байтақ даланы тойдан сарқыт таратқан пысық келіншек-тей көрші мемлекеттерге бөліп бергісі келген. «Осынша дала мыналарға көптік етеді» дегенді желеу етіпті-мыс. Солтүстіктегі бес облысты Ресейге, батыстағы Маңғыстау түбегін тұтасымен Түрікменстанға, оңтүстіктегі бір-шама аумақты Өзбекстанға қо-суды жоспарлаған. Ойын жүзеге асыру үшін небір қитұрқы айлаға барды. Хрущев бастаған алып им-перияның бетін Жұмабек Тәше-нев қайтарған. Бірінші басшының алдында «КСРО Конституциясы-на сәйкес, әр ұлт республикасы өзінің тарихи жерінде, өз табиғи



байлығын өз меншігінде пайда-лануға хақы бар. Бұл заңмен де санаспайтын болсаңыз, біз ха-лықаралық сотқа шағым беруден де тайынбаймыз» деген. Жұма-

бек бабамыздың артында жәй ғана шекара емес, қасиетті Ата-мекен жатыр еді. Есіл ерлердің қанымен, аналардың көлдей көз жасымен сакталған Атамекен.

«Маған керегі лауазым емес, казак халқының бірлігі мен жерінің тұтастығы. Ол арманыма жеттім. Елім, жерім орнында», – депті қаһарман. Ұлт көсемі Әли-хан Бөкейханның «Тірі болсам, казакқа қызмет қымай қоймай-мын» деген сөзімен қатар қоюға әбден болады. Жұмабек Тәше-невтің ғұмырынан алар тағылым көп. Ел болашағының иесі кейінгі толқынды отансүйгіштікке баулу үшін ерлігі дәріптелуі қажет деген ойдамыз.

2010 жылдан беріге дейін Арқаның қалдарына, қайраткер-леріне, өз саласының үздіктері-не Жұмабек Тәшенев атындағы сыйлық табысталып келді. Осы сыйлықтың аясында оннан астам жас қаламгердің алғашқы кітабы жарық көрді. Шығынның бәрін өңірдегі Атымтай жомарттар кө-терді. Осы тұста жеке кәсіпкер Сапар Ипкеевтің есімін атамасқа болмас. Сол игі шараның ба-сы-қасында айтыскер ақын Айт-бай Жұмағұлов жүрді. Айтбай ақыннан кейін Жұмабек атамыз-ды ешкім дәріптемеді. Айтбай Жұмағұлов Жұмабек Ахметұлы-на көше ғана емес, даңғыл беруді ұсынып отыр.

– Жұмабек Тәшенев болмаса,

мынау жұрт Атамекенінен айыр-ылар еді. Жер көлемі бойынша тоғызыншы орында емес, әл-декайда төменде қалар едік. Бұл – сөзбен айтып жеткізе алмайтын ерлік. Ұлттың бағына туған асыл перзент өз биігінде дәріптелуі тиіс деп есептеймін. Бүгін бір даңғылға батыр атамыздың есімі берілсе, артық етпейді, – деді Айтбай Жұмағұлов.

Октябрь ауданына Әлихан Бө-кейханның есімі берілгенде бор-кімізді аспанға атып едік. Абай жылында Ленин даңғылы Абай Құнанбайұлына берілді. Оның да машакаты аз болған жоқ. Сол уақытқа дейін Қарағандыда Абай атындағы көше болмап еді. Былтыр Дінмұхамед Қонаевтың атымен бүгін бір қала аталды. Шаһардың оңтүстік-шығысын-да бой көтерген Бәйкен Әшімов атындағы шағын аудан «мен-мұңдалап» тұр. Өзінің өмірін, мансабын бәске тігіп, жерді та-лан-таражға салдырмаған Халық Қаһарманы Жұмабек Тәшеневке де көңіл бөлінсе деген тілек бар.

«Ол заманда Мәскеу идео-логиясы, партияның өктемдігі жүріп тұрғанда Тәшеневтің ер-лігін айту қиынға соқты. Тәше-невті енді танып жатырмыз, Тә-шеневтің тарихтағы шын бағасын енді біліп жатыр», – деп еді тарих ғылымдарының докторы Хангел-ді Әбжанов. Қазір не бөгет?

• КӨРМЕ

Галереяға шақырады

«Алтын ғасыр» галерея-сында қарағандылық сурет-ші Мәдихан Қалмахановтың көрмесі ашылды. Көрмеге қылқалам шеберінің жиыр-мадан астам туындысы қой-ылады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өнерсүйер қауым Бектаута, Қазақстанның шығысындағы Қа-тонқарағайдың әсем пейзажда-рын, сонымен қатар, күзгі мо-тивтер мен заманауи стильдегі натюрморттарды тамашалай ала-ды.

– Көрмеге 21 картина қоя-мын. 16-сы биыл салынған. Яғни, жаңа туындыларды әлі еш-кім көрген жоқ. Бұл – негізінен, Шығыс Қазақстан облысының пейзаждары. Көрермен менің суреттерімнен эстетикалық ләз-зат алғанын қалаймын. Біздің күнделікті жұмыс күндерімізді түрлендіргім келеді. Сондықтан, барлықтарыңызды көрмеге шақырамын, – деді Мәдихан Қалмаханов. Экспозиция 29 қа-рашаға дейін жалғасады.

Дербес кассациялық сот инстанциясының тиімділігі

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап, еліміз сот-құқықтық реформаны жүргізуде. Соның нәтижесінде қазіргі уақыттағы құқықтық мемлекеттің негізгі талаптарына жауап беретін сот жүйесі әрекет етеді. Сонымен қатар, сот дербестігінің негізгі мәселелері де өз шешімін тауып, соттардың тәуелсіздігіне кепілдіктер берілді. Қазіргі таңда басымдық – тиісті талаптарға және қоғам сұранысына жауап беретін сот жүйесінде.

2023 жылғы 12 қыркүйекте еліміздің бизнес-қоғамдастығының өкілдерімен кездесуде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев дербес кассациялық инстанция құру мәселесі бойынша заң және кәсіпкерлік қауымдастығымен кеңестер өткізу қажеттігіне назар аударды.

Егер Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамуына үңілсек, барлық қабылданған шаралар сот ісін жүргізуді оңтайландыруға, процеске қатысушыларға қолайлы жағдайлар жасауға, сот істерін шешу тәртібін барынша жеңілдетуге және жеделдетуге бағытталғанын көреміз.

Жалпы, істерді қараудың апелляциялық тәртібін 2001 жылдан, ал 2009 жылдан бастап, кассациялық іс жүргізуді енгізу жергілікті соттарға (облыс шегінде) облыс деңгейінде түпкілікті шешім қабылдауға мүмкіндік берді. Бұл да сот төрелігін іске асыру сапасын жақсартуға ықпал етті.

Бұл арқылы соттардың қолжетімділігі заңнамалық тұрғыда кеңейіп, азаматтар үшін өз құқықтарын қорғау мүмкіндігіндегі шектеулерді барынша жоюға мүмкіндік берілді. Оның нәтижесінде соттар қараған азаматтық істер саны екі еседен астамға артты. Демек, халықтың сотқа сенімі күшейді.

Бұл 2016 жылға дейін жалғасып, осы кезеңнен бастап, сот ісін жүргізу процесін жеделдету мақсатында бес буынды сот жүйесінің орнына үш буынды жүйе енгізілді.


Қазіргі таңда үш буынды жүйені: бірінші саты – аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық сот, ауданаралық сот), екінші саты – облыстық және оларға теңестірілген соттардағы (республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары) апелляциялық саты және үшінші саты – Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының кассациялық сатысы құрайды.

Алайда, кассациялық сатыда кейбір істердің қайта қаралмауы бойынша көптеген пікірталастар туындауда.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодекске сай азаматтық істердің кассациялық сатыда қаралуы үшін тиісті талаптар белгіленген.

Атап айтқанда, азаматтық сот ісін жүргізудегі талап қою сомасы жеке тұлғалар үшін 2 мың АЕК-тен және заңды тұлғалар үшін 30 мың АЕК-тен аз болған кезде, олар кассациялық сатыда қаралуға жатпайды. Сол сияқты, қылмыстық сот ісін жүргізуде қылмыстық теріс қылықтар туралы істер де қаралмайды.

Осыған орай, осы мәселенің бірден-бір шешімі сот жүйесінің дербес кассациялық сатысын құру. Сол арқылы барлық іс санаттарының кассациялық тәртіпте қай-



та қаралуына мүмкіндік жасап, азаматтар мен заңды тұлғалардың өз құқықтарын толық жүзеге асыруа мүмкіндік жасау. Дербес кассация сатысы әлемнің көптеген елдерінде әрекет етеді.

Мысалы, Түркия Республикасы мен Ресей Федерациясының сот жүйесін құру және жұмыс істеу тәжірибесі.

Ресейде жалпы апелляциялық және кассациялық соттарының жаңа жүйесі құрылған.

Ресей Президенті «Ресей Федерациясының сот жүйесі туралы» Федералдық конституциялық Заңға және жалпы юрисдикциялық кассациялық соттары мен жалпы юрисдикциялық апелляциялық соттарын құруға байланысты жекелеген федералдық конституциялық заңдарға өзгерістер енгізу туралы» Федералдық конституциялық Заңына 2018 жылы 29 шілдеде қол қойды. Құжат жалпы юрисдикция соттарының құрылымына айтарлықтай өзгерістер енгізді.

Аталған түзетулер жалпы юрисдикцияның құрылымдық жағынан дербес бес апелляциялық және тоғыз кассациялық соттарын құруға, сондай-ақ заңды күшіне енген және енген сот актілеріне шағымдану жүйесін өзгертуге бағытталды.

Ресейде жалпы юрисдикцияның құрылымдық тәуелсіз кассациялық және апелляциялық соттарын құру қажеттілігі төменгі сатыдағы сот актілеріне шағымдарды қарау кезінде бейтараптықты, тәуелсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігімен байланыстырылды. Жаңашылдық нәтижесінде сот актісін тексеру іс бірінші сатыдағы сот ретінде қаралған сотта жүзеге асырылатын жағдай алынып тасталды. Өзгерістер жалпы юрисдикциялық соттар жүйесін жетілдіруге және сот жүктемесін оңтайландыруға мүмкіндік берген.

Екінші сатыдағы жалпы юрисдикция-

лық апелляциялық соттары облыстық және оларға теңестірілген соттардың күшіне енген, олар бірінші сатыдағы сот ретінде қабылдаған актілеріне шағымдар мен ұсынымдар бойынша істерді, сондай-ақ күшіне енген актілерге қатысты

жаңа немесе жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қарайды.

Алайда, облыстық және оларға теңестірілген соттардың бірінші сатыда қабылданған аудандық соттардың күшіне енген шешімдерін апелляциялық қарауы қамтамасыз етілді.


Жаңа апелляциялық соттар республикалардың аумағындағы Жоғарғы соттарға, облыстық соттарға және басқаларға қатысты жоғары тұрған сот сатылары болады. Мәселен, мысалы, жалпы юрисдикциялық 1-ші апелляциялық соты (Мәскеу қаласы) Белгород, Брянск, Владимир, Воронеж, Калининград, Кострома, Псков және басқа облыстардың тиісті соттары үшін жоғары саты болады.

Кассациялық соттардың қарайтын істеріне тоқталатын болсақ, оларға облыстық және оларға тең соттардың кассациялық өкілеттіктері берілді және осылайша олар бірінші саты судьяларының, аудандық соттардың, облыстық және оларға тең соттардың, жалпы юрисдикциялық апелляциялық соттарының күшіне енген сот актілеріне шағымдар мен ұсынымдар бойынша, сондай-ақ жалпы юрисдикциялық апелляциялық соттарына қатысты жаңа немесе жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қарайды.

Бұл соттар тиісті сот кассациялық округінің аумағында жұмыс істейтін федералды жалпы юрисдикция соттары мен бірінші саты соттарына қатысты жоғары сот органы болып табылады.

Жалпы юрисдикциялық жаңа кассациялық және апелляциялық соттары азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша төралқа мен сот алқаларынан тұрады.

Заң олардың тұрақты болатын жерлерін анықтады. Кассациялық соттар Саратов, Мәскеу, Санкт-Петербург, Краснодар, Пятигорск, Самара, Челябинск,



Реформа – өміршең өзгерістер

Кемерово және Владивостокта орналасса, апелляциялық соттар Мәскеуде, Санкт-Петербургте, Сочи, Нижний Новгородта және Новосибирскте бекітілді.

Түркияның сот жүйесі қылмыстық-азаматтық сот соттарынан, әкімшілік және арнайы соттардан тұрады. Ұйымдық-құрылымдық белгілері бойынша соттар бірқатар буындар мен санаттарға бөлінеді.

Конституция жоғары сатыдағы соттарға: Конституциялық сотты, Жоғарғы кассациялық сотты, Мемлекеттік Кеңесті, жоғары әскери кассациялық сотын, Жоғары әскери әкімшілік сотын жатқызады. Бұл соттардың құзыреті мен құрылу тәртібі Конституцияда айқындалған.

Жалпы юрисдикциядағы соттар жүйесін Жоғарғы кассациялық сот басқарады (Яргытай). Оның мүшелерін судьялар мен прокурорлардың Жоғарғы кеңесінің пленумы 4 жылға сайлайды. Республиканың Бас прокуроры болып табылатын Жоғары кассациялық соттың Бас Прокурорын және оның орынбасарын сол мерзімге Президент кассациялық Соттың Пленумы ұсынған 5 кандидаттың ішінен тағайындайды. Оның құзыретіне жалпы юрисдикциядағы барлық соттардың шешімдеріне наразылықтар мен шағымдарды қарау, барлық қылмыстық-азаматтық соттардың іс жүргізу заңнамасын біркелкі түсіндіруін және қолдануын қамтамасыз ету кіреді.

Бірқатар аса қауіпті қылмыстар бойынша Жоғарғы кассациялық сот бірінші сатыдағы сот ретінде әрекет ете алады. Жоғарғы кассациялық сот қылмыстық істер бойынша 7 секцияға, азаматтық істер бойынша 9 секцияға және коммерциялық және банкроттық туралы істер бойынша бірнеше секцияға бөлінеді. Әр бөлімде төраға, төрт негізгі және бір резервтік құрамы бар. Олар бірінші сатыдағы соттардың шешімдеріне шағымдар мен наразылықтарды қарайды, істі бекітеді немесе жаңа тергеуге жібереді. Секциялардың шешімдері мен анықтамаларына сот төрағасынан, оның бірінші орынбасарларынан және секция төрағаларынан тұратын Жоғары кассациялық соттың пленумына наразылық білдірілуі және шағым жасалуы мүмкін. Сот Пленумының шешімдері мен ұйғарымдары түпкілікті және шағымдануға жатпайды.

Дегенмен, кез келген жүргізілетін реформа нәтижесі өзіндік үздік үлгіде қалыптасқан құқықтық мемлекет құру және мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету екені мәлім.

Бақытбек ШАЙЗАДАЕВ,
Қарағанды қаласы
Әлихан Бөкейхан ауданы
№2 сотының төрағасы

ҚАРАҒАНДЫ

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Тіл жанашыры – зияткер ұрпақ

Жақында – Республика күні мерекесіне орай Қарағанды қаласының «Шырақ» тілдерді оқыту орталығының ұйытқы болуымен «Өнер алды – қызыл тіл» қалалық зияткерлік сайысы өтті.

Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі Жұпар Жұман, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Орталық Қазақстан» газетінің қызметкері, белгілі ақын Ерканат Кеңесбекулы, «Қарағанды облысының мемлекеттік архиві» мекемесінің Ұлттық архив қорын жинақтау және құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу бөлімінің басшысы Қаламқас Жұмабекова қазылық еткен сайысқа мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға әр салада қомақты үлес қосып жүрген 6 азамат қатысты.

«Мирас» балалар өнер мектебінің жыршы-жырау сыныбының оқытушысы, ақын Сұлтан Дәулетханұлы, «Бірінші Қарағанды» телеарнасының тілшісі, «Аймақ09.kz» веб сайтының редакторы Жаңабек Нұртайұлы, Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Журналистика бөлімінің 2-курс студенті Ералы Ғани, Қарағанды медицина университеті Педиатрия факультетінің 2-курс студенті Ақжүніс Амангелді, Әлеуметтік желіге жүктеген контенттері миллиондаған қаралым жинайтын белгілі блогер, Қарағанды қаласының 3 автопарк қызметкері, автобус жүргізушісі Айдос Аринов, Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Студенттер үйінің директоры Бектас Жұман.

«Дәстүр шоу» ансамблі қыздарының әдемі биімен ашылған шара қызықты әрі тартысты өтті деуге болады.

Шара барысында Арқаның аяулы әнші қыздары, облыстық, республикалық ән байқауларының жүлдегерлері Балауса Әбдуәліева мен Нұрлытаң Саятқызы, қазақ гитарашыларының ата-сы Қорабай Есенов пен «сұлу ән саған адалмын» деп өткен сырбаз әнші Сейіл Аяған ағаларының ізін жалған келе жатқан Нияз Қанафия ерекше өнер көрсетіп, әннен шашу шашты.

Төрт кезеңге созылған сайыста қазылар алқасы шешімімен бас жүлдені Сұлтан Дәулетханұлы (150 мың теңге), бірінші орынды Бектас Жұман (100 мың теңге), екінші орынды Жаңабек Нұртайұлы (70 мың теңге), үшінші орынды Ералы Ғани (50 мың теңге) иеленді. Ал, арнайы сыйлықты Ақжүніс Амангелді мен Айдос Аринов бөлісті. Екеуіне де 20 мың теңгелік сертификат табысталды. Сайыс соңын қазылар алқасы қорытындылап, шараның жоғары дәрежеде ұйымдастырылғанын тілге тиек етіп, осындай шаралар жалғасын табуы керек деген тілектерін жеткізді.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Күннен қуат алған Қоңырат

Қарағанды облысы тағы бір «жасыл» нысанмен толықты. Кеше Балқаш қаласының Қоңырат шағын ауданына жақын орналасқан өнеркәсіптік алаңда «СЭС 4,77 МВт» күн электр станциясы іске қосылды. Осылайша, аймақ жаңартылған энергия көздерін енгізу бойынша республикадағы көшбасшы өңірге айналды.

Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл жүзеге асырылған ірі жобаның тапсырыс берушісі «Коунрад мыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Наурыз айында құрылысы басталған нысанның жобалаушысы «REVAL-M» компаниясы. Бүгінде станцияда 8850 күн сәулесінен қуат алатын панель орнатылған. Күн электр станциясы жылына 4,77 мегаватт электр энергиясын өндіреді деп күтілуде. Өндірілетін электр энергиясын тұтыну арқылы көмірді жағуды 16-18%-ға азайту жоспарланған. «Жасыл экономикаға» бет бұрған компания таза электр энергиясын өндіретін болады. «Коунрад мыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің техникалық директоры Виталий Логачевтың айтуынша, қуат өндіру орындарын салуға елімізде тұңғыш рет отандық құрылыс компаниясы тартылған. Құрылыс жұмыстарына 10-ға жуық адам шақырылды, енді мұнда тұрақты түрде 2 адам жұмыс істейтін болады.

– Мен бүгін «Казиндастриал

инженерингке» және «сounrad» жобасының командасы Нұржан Әбдірахманов, Манат Көкеев, Владимир Страсгейм, Талғат Мұқашбеков, Сүндет пен Асқарға, жұмысты уақытында орындаған бұрғылаушылар тобына алғысым шексіз. Біздің электриктер мен БПН реттеушілер мердігерлердің қатысуымен станция жабдықтарын іске қосқаны үшін рахмет айтамын. «CAML PLC» жоғары инфляциялық қысымға және негізгі жабдықтар мен материалдарға бағаның өзгеруіне қарамастан, осы жобаға қаражат бөлгені бізге ерекше демеу берді. Біздің компания ұсынатын күн электр станциясы – бұл инновациялық технологиялар мен экологиялық таза энергия көздерін құруға деген күш-жігеріміздің көрінісі. Станцияда орнатылған екі жақты панельдер тікелей күн сәулесін де, жерден шағылысқан сәулелерді де пайдалануға мүмкіндік береді. Және 22% ұлғайтылған белгіленген қуат коэффициентін игере алады. Соңғы 7 айда көп жұмыс жасалды, 1,6 шақырымнан астам ұңғымалар бұрғыланды. Жалпы салмағы 200

тоннадан асатын металл конструкцияларының 177 жиынтығы орнатылды. 8850 панель салынды. 64 шақырымнан астам сымдар мен кабельдер тартылды. Компаниямыз таза және тұрақты энергияға ұмтылатын басқа аймақтарға үлгі болуды мақсат етеді. 2035 жылға қарай Қазақстанда ЖЭК үлесі шамамен 15% болады деп болжанып отыр. Біз өз үлесімізді осыған аз да болсын қосып, – деді Виталий Логачев.

Сонымен қатар, «СЭС 4,77 МВт» күн электр станциясының ашылуына қатысқан Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев, қалалық мәслихат төрағасы Ахат Мүсімов, «Central Asia Metals PLC» бас компаниясының атқарушы директоры Найджел Робинсон, облыстық экология департаментінің бастығы Дархан Ергалиұлы, «Коунрад мыс компаниясы» ЖШС қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Дильнара Әйтекенова құттықтау 2 миллиардтан астам ағаш отырғызу және елді мекендерде 15 миллионнан астам ағаш отырғызу жөніндегі Мемлекет басшысы алға қойып, ауқымды міндет жүктеді. Бүгін «Коунрад мыс компаниясы»



стан» ұлттық жобасын әзірлеуге бастамашы бола отырып, экономиканы жасылдандыру мен қоршаған ортаны қорғауды экономикалық бірі деп атады. Еліміздің өңірлерінде көмірқышқыл газының бөлінуін шектеу және өсіп келе жатқан шөлейттенуді ауыздықтау үшін бес жыл ішінде ормандарға 2 миллиардтан астам ағаш отырғызу және елді мекендерде 15 миллионнан астам ағаш отырғызу жөніндегі Мемлекет басшысы алға қойып, ауқымды міндет жүктеді. Бүгін «Коунрад мыс компаниясы»

білдіремін. Халықтың үнемі өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаны қорғай отырып, қандаш өндіру керек, қалай өндіру керек, кімге өндіру керек деген мәселелерге үлкен мән беретін кез келді. Біз мұндай бастамаларды қолдауға әзірміз. Жаңа нысанның жұмысына сәттілік тілеймін, – деді Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

«СЭС 4,77 МВт» күн электр станциясын іске қосқан «Central Asia Metals PLC» бас компаниясының атқарушы директоры Найджел Робинсон заманауи фо-

тоэлектрлік панельдерді пайдалану станцияның ауданын азайтуға мүмкіндік беретіндігін, ал эксперименттік роботтар олардың қызмет көрсетуін жеңілдететіндігін жеткізді.

Айта кетейік, бұған дейін Балқашта қуаттылығы 40 МВт болатын «Гүлшат» күн электр станциясы іске қосылған. Құны 46 миллион долларды құрайтын жоба бүгінде ел игілігіне айналып отыр.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген автор.

Қала көркі көз тартады

Ауылдарымыздың ажарланып, қалаларымыздың көріктену мәселелері де Ел Президентінің Қазақстан халқына әр Жолдауында айтылатын басым бағыттардың бірі. Осы орайда металлургтер қаласы – Теміртаудың жылдан-жылға сәулетіне сән қосылып, көркейіп келе жатқаны атап өтуге лайық.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жыл басынан бұл бағытта қаншама шаруа атқарылып, оның игілігін тұрғындар көруде, – дейді Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Қанат Хасенов.

Атап айтқанда, осы уақыт ішінде қалада балалардың 30 ойын және 10 футбол алаңы салынып, оларда ойнап, демалуға және доп қууға қажет жағдайлардың бәрі жасалып, жарактандырылған. Бұл 489,9 миллион теңгенің жұмыстарын «Теміртау жөндеу орталығы» ЖШС орындап шыққан. Ал, құны 27,2 млн. теңге болатын 3 спорт алаңының құрылысын жүргізген – «Наурызгрупп» ЖШС. Бұлар да алаңдарға жаттығып, дайындалуға қажетті құрал-жабдықтардың бәрін қойыпты.

Кейінгі кезде қала көшелерінің көрінісі де көңілге қуаныш сыйлайды. Мәселен, Мичурин, Металлургтер, Тәуелсіздік, Абай, Республика көшелерінің жолдары



орташа жөндеуден өткізіліп, жүргіншілер жолдары да ретке келтірілген. Тіпті, қала сыртындағы мұсылмандар бейітіне баратын 2 шакырымдық жолдың жөнделуі де жамағаттын ризашылығын ту-

дырып отыр.

Бұдан бөлек, жолаушылар үшін жанадан 9 аялдама мен 2 бағдаршам орнатылып, 9 орын-да қоқыс салатын 30 контейнер

қойылып, көшелер мен аулаларда көлденең жатқан көк шөпті көрмейсің. Өйткені, бұл контейнерлер жерге қазып орнатылып, айналасы бетондалып, қоқыс қалдықтары содан тиеліп, әкетілетін көрінеді.

Теміртаудың күндізгі көрінісі осындай болса, түн баласында да қала самаладай жарқырап тұрады. Биылдың өзінде мұнда жарық беретін 250 тірек бағаналар орнатылса, жыл аяғына дейін тағы да сондай мөлшерде жарық шамдары іске қосылады деп күтілуде. Міне, туған қаласын көріктендіру жолында теміртау



улық коммуналшылардың атқарып жатқан шаруаларының бір парасы осындай.

ТЕМІРТАУ

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Сабақтастық үзілмес үшін...

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде «Қазақстан Музей Қызметкерлерінің І Конгресі», «Өзбекәлі Жәнібеков мұрасы және музей ісі» атты тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Қарағанды облысының музей саласының қызметкерлері ашық іс-шараға қатысып, арнайы сертификаттармен марапатталды.

жетістіктерімізді де айтып өтті.

Музей саласы қызметкерлерінің шығармашылық ізденімпаздығы мен ұшқыр ойларынан, еліне деген құрметі мен сүйіспеншілігінен өткізілген іс-ша-

жеткізу біздің парызымыз. Бұл дегеніміз тілімізді де, ділімізді, өнер мен мәдениетімізді де сол қалпында сақтау болып табылады. Бабадан мирас болып қалған асыл мұраларымыз бен тарихи ескерт-

«Музей – рухани тәрбие ошағы» дейді халқымызда. Шын мәнінде музей — адамзаттың рухани, материалдық құндылықтарының, ғылыми жетістіктерінің дамуы мен жай-күйін баяндайтын мәдениет ордасы ғана емес, ұрпақ жалғастығының негізгі алтын көпірінің бірі. Жыл сайын қарыштап қадам басып келе жатқан Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Жаңа заманда жанаруға деген ішкі ұмтылыс – біздің барлық саладағы дамуымыздың ең басты қағидасы. Сондықтан да музейлердің де өмір сүру үшін заман ағымына қарай жыл санап өз жұмыстарын жандандырып отыруы маңызды. Әйтпесе музей де тарихтың шаңына көміліп қала бермек.

Музей қызметкерлері заман талабына байланысты өскелең ұрпақтың бойында отансүйіштік сезімін қалыптастыру, өз халқының тарихына, мәдениетіне және дәстүрлеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу мақсатында әртүрлі әдістемелік білім беретін бағдарламалар және музей сабақтарын өткізеді. Ұйымдастырылып отырған бағдарламалар жастардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, көрнекілік құралдарды, электронды презентациялар мен бейнефильмдерді пайдалана отырып әзірленеді.

Жас ұрпақты өз халқының тарихын, салт-дәстүрін, тілін білетін, мәдениетті, адами қасиет-



ті терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Болашақ үшін ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың маңызы өте зор. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет – өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Ұлттық құндылықтарымызды насихаттау – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Осындай тағылымды жобалар арқылы өскелең ұрпақты ата- бабамыздан келе жатқан асыл мұраны сақтап қалуға күш саламыз. Осы құндылықтарды насихаттауда музей қызметкерлерінің атқаратын адал еңбегін атап өтуге болады. Конгресте музей саласындағы өзекті мәселелер қозғалып, жеткен

ралар келушілер тарапынан аса қызығушылыққа ие болады. Бұл музейге келушілер санының артуына үлкен ықпалын тигізеді. Жыл сайын музейлерге көптеген келушілер келеді және бұл біздің еліміздің тұрғындары ғана емес, сонымен қатар ерекше мейірімділік пен қонақжайлылық атмосферасын атап өтетін шетелдік қонақтар. Шет мемлекеттен келген қонақтар, халқымыздың ұлттық-тарихи құндылықтарын тек музей арқылы танып біледі. Сол себепті, музей қызметкерлерінің еңбегі ерен.

Сондықтан да бүгінгі ұрпақ ата-бабамыздың ғасырлар бойы жинаған ұлттық құндылықтарын көзінің қарашығындай сақтауы тиіс. Осы құндылықтарды сақтаумен қатар, оны келешек ұрпаққа

кіштерімізді көздің қарашығындай сақтап, мәдениетіміздің жауһарларын әлемнің өзге халықтарына паш ету арқылы біз өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз бен рухани қазынамызды болашақ ұрпаққа сол қалпында жеткізу үлкен міндет пен жауапкершілік және де ұлттық құндылықтарымызды бағалай білетін ұрпақ тәрбиелеу өзекті мәселе.

Сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмасы анық, сондықтан жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін үрдіс.

Ләззат ДИХАНБАЕВА,
Тұңғыш Президенттің
тарихи-мәдени орталығының
ғылыми қызметкері

ТЕМІРТАУ

• ҚҰҚЫҚ

Тәртіп сақшыларының дәрісі

Бүгінгі таңда облыстың оқу орындарына іргелес аумақтарда 261 құқық бұзушылық анықталған. Жасөспірімдер құқығының бұзылмауын көздеген аймақтың тәртіп сақшылары 300-ден астам оқу орнына барған.

Аяулым COBET,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәртіп сақшылары 35 колледж және 7 университеттің студенттерін кездесті. Балалар мен жасөспірімдердің абайсызда қылмысқа ұрынбауын ескерген олар «Мектеп» жедел-алдын алу шарасын ұйымдастырды. Шаңра аясында білім ордаларындағы көмелетке

толмағандар арасында дәрістер оқыды.

Оқушыларға көмелетке толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауапкершілігі жөнінде жігі түсіндіріп, «Терроризм актісі туралы жалған хабарлама», «Буллинг» жөнінде мағлұмат берді. Балаларға көмелетке толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауапкершілігіне қатысты бейнероликтер де көрсетілді.

«ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

- Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44;
- Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;
- Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)- 98-10-18;
- Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72146)-3-17-38;
- Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;
- Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;
- Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)- 4-18-90;
- Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;
- Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;
- Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;
- Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;
- Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06.

Назар аударыңыздар!

Халықты әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлеріне Қарағанды облысы әкімінің сыйлығын беру конкурсына қатысуға өтінімдер қабылдау басталады.

Халықты әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің мәртебесі мен маңыздылығын арттыру үшін конкурс жыл сайын өткізіледі.

Қатысуға өз қызметін Қарағанды облысының аумағында жүзеге асыратын халықты әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлері шақырылады.

Қарағанды облысы әкімінің сыйлықтары көрсетілген критерийлер ескеріле отырып беріледі:

- 1) Халықты әлеуметтік қорғау саласын дамытуға елеулі жеке үлес;
- 2) Кәсіби шеберлікті ұдайы жетілдіру;
- 3) Қызметте инновациялық нысандар мен әдістерді пайдалану;
- 4) Бейіндік білімнің болуы;
- 5) Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жұмыс өтілі кемінде – 5 жыл. Сыйлық келесі номинациялар бойынша беріледі:
 1. «Үздік әлеуметтік қызметкер»;
 2. «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін үздік үкіметтік емес ұйым»;
 3. «Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының үздік қызметкері»;
 4. «Еңбек ұтқырлығы орталығының және оның филиалдарының үздік қызметкері»;
 5. «Рухы бұзылмаған» (мүгедектігі бар адамдар);
 6. «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үздік қызметкері»;
 7. «Мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі үздік үкіметтік емес ұйым»;
 8. «Үздік әлеуметтік жұмыс маманы»;
 9. «Ерекше балаларға берілген жүрек» (мүгедек балалармен жұмыс істейтін ұйым / тұлға);
 10. «Мамандыққа адалдығы үшін» (халықты әлеуметтік қорғаудың еңбек ардагерлері).

Қарағанды облысы әкімінің сыйлығын алуға кандидатураларды ұсыну-ды қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері, әлеуметтік саланың облыстық ведомстволық бағынысты ұйымдары, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар жүргізеді.

Бір үміткерді екі немесе одан да көп номинация бойынша ұсыну мүмкін емес. Лауреат сыйлығын сол номинация бойынша алғаннан кейін бес жыл ішінде оны алуға қайта ұсынуға да жол берілмейді.

Сыйлықтар конкурстық негізде беріледі. Лауреаттарды іріктеуді арнайы комиссия жүргізеді. Сыйлыққа ұсынылған кандидатуралар екі кезеңде қаралады. Біріншісінде комиссия сыйлықақы алу конкурсына қатысу үшін кандидатураларды іріктейді, екіншісінде сыйлықақы беру туралы шешім қабылдайды.

Қарағанды облысы әкімінің сыйлығына ие болған адамдарға «Қарағанды облысы әкімінің сыйлығының лауреаты» құрмет дипломы және материалдық сыйақы беріледі.

Сыйлықты алуға өтініш берушіге: қысқаша өмірбаяндық ақпарат, ұсынушы ұйымның ұсынымы, аса маңызды жұмыстарды көрсететін мінездеме, марапаттау дипломдары мен куәліктерінің көшірмесі, сюжеттік фотосуреттер, көлемі 3х4 фотосурет, жеке куәлігінің көшірмесі, банктен 20 таңбалы шоттың болуы туралы анықтама беру қажет.

Өтініш беру үшін ізденуші Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына мына мекенжай бойынша жүгінуі қажет: Қарағанды қ., Ержанов к-сі, 47/3 үй, каб. 405, тел.анықтамалар үшін 8 (7212) 43-16-79.

Конкурсқа материалдар электрондық пошта арқылы қабылданбайды. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы күні: 2023 жылғы 24 қараша сағат 18:00-ге дейін.

№594

• ПЕЙІЛ

Апат, ажал айтып келмес

28 қазанның сенбі күні таңымен бірге елімізге, халыққа ауыр қайғыны қоса алып келді. Қарағанды шаһарында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның иелігіндегі Костенко атындағы шахтада дүлей жарылыс болып, 252 адамның 46-сы жер үстіне шыға алмай қалды.

Бұл қаралы хабарды естігенде әр Қазақстан азаматы қабырғасы қайысып, жүрегі қан жылап, көкірегі қарс айырылып, дел-сал болғандай күйде сезіндік.

Отбасы мен бала-шағасының тіршілігі үшін жер астында еңбек етіп, қаза болған арда азаматтардың отбасына, туған-туыстарына, бала-шағаларына ауыр қайғыларына ортақтасып аудан халқы мен зиялы қауымның атынан қайғырып, көңіл айтамын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімімен 29-қазан – Жалпыұлттық аза тұту күні деп жарияланды.

Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы XX ғасырда талай апаттар мен ауыр қасіреттерді басынан өткізді.

Зұлмат жылдары қазақ халқының 50 пайызы мерт болды. 1937-1950 жылдары еліміздің ең сауатты маңдай алды 100 мыңнан астам зиялы азаматтары саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мыңы аттылып, қалғандары итжеккенге айдалып, сонда көз жұмды.

Бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған арманына, егемендікке қол жеткізіп, Тәу-

елсіздігімізге ие болып, мемлекетіміздің іргесін бекітуге бір кісідей атсалыстық. Соның ішінде еңбектің ең ауыр да және халыққа өте қажетті көмір өндіруші – кеншілердің еңбегі ерекше зор болды. Халық шаруашылығында еңбек етіп жүрген 200-ге жуық азаматтар тәуелсіздік жылдарында осындай апаттардан көз жұмды. Костенко атындағы шахтада болған соңғы апат құрбан болғандар саны жағынан ең ірі трагедия болып отыр.

Опат болған азаматтардың отбасына тағы да қатты қайғырып, әкелік көңіл айтамын. Балаларына сабырлық пен шыдамдылық тілеймін. Ем-дом алып жатқандаға тезірек айығып, отбасына оралуына Алла жар болсын!

Апат, ажал айтып келмес болар. Бірақ оның алдын алу, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті іс-шараларды толықтай жүргізу Еңбек кодексі бойынша кәсіпорын басшыларына жүктелген. Сондықтан еңбеккерлердің өмірін сақтау – бүгінгі күннің басты талабы. Келешекте мұндай апаттар қайталанбауы керек.

Боранбай ЖҰМКИН,
Шет ауданының Құрметті азаматы,
Ауыл шаруашылығы саласының ардагері

Қарағанды Шинсервис
ШИНАЛАР

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүк көліктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

ЕЗ АРАҢ ШИНАЛАР
САТПАЙМЫЗ,
ЕЗ АРАҢДАҒЫ БАҒАЛА
САТАМЫЗ

Қарағанды қ.,қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1

тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



• ЖӘДІГЕР

Сұңқар бейнесі сақталған таспа

Сүйінші, қадірлі оқырман! Сұңқар Сәкеннің бұрын-соңды жарияланбаған видеосы табылды. Ақжолтай хабарлы алғаш «Qazaqstan» ұлттық телеарнасы таратты. Мұнымен қоса, ұлттық қорымыз бірнеше құнды бейнежазылыммен де толықты. Мұндай құжат байлығына Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары, атап айтуымыз қажет, PhD Ермұхамет Маралбек пен ономастика бөлімінің кіші ғылыми қызметкері Әрлен Сейітбатқал қол жеткізіп отыр. Мәскеудегі мемлекеттік архивтен.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ахаң атындағы институттың қызметкерлері жүргізіп отырған зерттеу болғандықтан, түсінікті де. Зерттеу «Ахмет Байтұрсынұлының жазу реформасы: теориясы мен тәжірибесі» (AP13068356) гранттық жобасы аясында жүзеге асқан.

— Жоғарыда айтылған грант аясында осындай іссапарды ұйымдастыруға болады. Бірақ іссапарға белгіленген күн аз. Өйткені гранттың мүмкіндігі соған ғана жетеді. Алдағы уақытта мемлекеттік қолдаумен мұрағатта деректер табу үшін іссапарларды ұзақ мерзімге арнайы ұйымдастыру керек деп ойлаймын, — дейді кіші ғылыми қызметкер Әрлен Сейітбатқал.

Институт ғалымдары алдағы уақытта Әліби Жангелдин, Ораз Исаев, Ораз Жандосов сынды тұлғалардың да видеосы жарияланатынын айтады. Бұл аз десеніз, Ресей мемлекеттік кинофотокүжаттар мұрағатынан қазақтың тарихы, мәдениеті жөнінде көптеген сурет пен бейнетүсірілім табуға болатынына тоқталды.

— Сәкен Сейфуллинмен қатар Әліби Жангелдин, Ораз Жандосов сынды тұлғалар да бар кадрда. Михаил Калининнің жанында Әліби Жангелдин екі кадрда



көрініс берген. Біріншісі алдынан алынған, екіншісі қырынан түсірілген, — дейді кіші ғылыми қызметкері Әрлен Сейітбатқал.

Ал Сәкен Сейфуллиннің 7 секундқа созылған видеосының тарихын PhD Ермұхамет Маралбек былай баяндайды.

— Мәскеу қаласындағы Ресей мемлекеттік кинофотокүжаттар мұрағатында қазақтың тарихы, мәдениеті туралы бейнежазбалар сақталған. Соның ішінде «Қазақ АССР-15 жыл» деген құжатта Сә-

кен Сейфуллиннің түрелеп тұрған бейнесі кадрға алынған. Бұл видеоның басында Михаил Калинин Алматы вокзалынан көлікке отырады. Қала көшелерімен келіп, іс-шара өтетін жерге жетеді. Сонда сөз сөйлейді, оған гүл шоғы табысталады. Осы аралықтарда келген қонақтардың арасынан Сәкен Сейфуллиннің бейнежазбасын көруге болады. Бұл мерейтой Республика көлемінде аталғандықтан, оған қазақтың беткеуестар азаматтарының

қатысуы заңдылық еді. Осындай үмітпен бейнеқұжатты көруге алдырдық. Үмітіміз ақталып, Сәкен Сейфуллиннің 7 секундқа созылған видеосы табылды, — дейді PhD Ермұхамет Маралбек.

Ғалымдардың айтуынша, мұрағаттағы деректер мен құжаттарды тапқан бойда елге алып келе салмаған. Оларды сұрыптап, ондағы әртүрлі ақпараттарды қорытуға күш салған. Әрине, бір деректі табу үшін мыңдаған құжаттарды ақтаруға тура келеді. Бұл игілікті іс те «инмен құдық қазғандай» күшті сарп етіп тұр.

Бұл Сәкен Сейфуллиннің бейнесі бар алғашқы табылған видео емес. Бұған дейін де шамасы отызыншы жылдар болу керек, әлдебір өткен жиналыста түрегеп тұр. Сәкеннің қасында біреу тұр. Ол да белгісіз. Сәкеннің сөйлегені кесіліп қалған болу керек. Бұл да қорда сақтаулы.

Осыдан біраз жыл бұрын Сәкеннің бейнесі жазылған бір таспа Астанадағы Сәкен Сейфуллин мұражайына жеткізілген болатын. Енді мына қызықты қараңыз, соңғы екі таспа да Красногор қаласынан әкелініпті. Мұнда Сәкеннің ат үстіндегі бейнесі кадрда сақталып қалған.

Алаш жарық жұлдыздарының бірі Сәкен Сейфуллин туралы ақын Сырбай Мәуленов:

«Өлімге жан екенсің қия алмайтын,
Өлеңнің құшағына сия алмайтын.
«Қазағың қане?» — десе, «Мінеки!» — деп,
Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын», — деген екен. Сол ардақты азаматтың ажарлы бейнесі архивтен табылып отыр.

Қазақтың өр тұлғалы азаматтарының бейнесі жазылған таспалар қатары толығып жатқаны — өлшеусіз мұра.

• СЕМСЕРЛЕСУ

Жерлесіміз топ жарды

Ирактың Бағдат қаласында семсерлесуден өткен Әлем кубогінен жерлесіміз Артем Саркисян алтын медаль жеңіп алды.

Бұған дейін спорттың осы түрінен бәсі биік додалардан ерлер мен әйелдер құрамасы тек жүлделі орындардан көрініп келген болатын. Бұл жолы қарағандылық спортшы алғаш алтынды алып, ел тарихындағы Әлемдік турнирден алтын алған алғашқы қазақстандық атанды. Сонымен қатар, спортшы осы жеңісінен кейін 44 ұпай еншілеп, әлемдік рейтингте 40-шы орынға жоғарылаған.

Айта кетейік, бұған дейін жерлесіміз Қытайда өткен Азия ойындарында қола медаль жеңіп алған болатын. Одан бөлек, дүниежүзілік Универсиадада — III орын, Италияның Падуя қаласында өткен Әлем кубогінде — II орын алған еді. Енді жерлесіміз Германияда өтетін Әлем чемпионатына қатыспақ. Сол үшін алдағы уақытта Германияға оқу-жаттығу жиындарына қатыспақ. Одан кейін, Францияда өтетін бәсі биік чемпионатта да өзін сынап көрмек.

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» есе қайтарды

Хоккейден ел чемпионатының XXII турында қарағандылық «Сарыарқа» өз алаңында «Торпедо» клубын қабылдады. Жерлестер алғашқы ойында 3:6 есебімен есе жіберсе, қарымта кездесуде 3:2 есебімен жеңіске жетті.

Қарымта ойын қос команда үшін оңайға соқпады. Алғашқы ойындағыдай емес, бұл жолы қақпаға аз шайба кірді. Ойынның алғашқы бөлігінде қарсыластар есеп ашты. Гол авторы — Богдан Сенотов.

Алаң иелері екінші таймда ғана есепті теңестірді. Бұл жолы Александр Ананичев қарсылас қақпасынан саңылау тапты. Үшінші айналымда «Торпедо» шабуылшысы Евгений Гасников шайба салып, есепте алға шыққан-тын. Алайда, араға 10 минут салып жерлестер таразы басын теңестірді. Гол авторы — Руслан Демин.

Үш таймның қорытындысы бойынша есеп тең болғандықтан, ойын овертайм уақытына ұласты. Бұл кезеңде «Сарыарқа» сапынан Даниил Ападьков қарсылас қақпасына шайба салып, командасына жеңіс сыйлады.



• ФУТБОЛ

Отандастар — жартылай финалда

Футзалдан Қазақстан құрамасы Біріккен Араб Әмірлігінде өтіп жатқан әлем чемпионатында бақ сынауда. Құрама сапында биыл бесінші мәрте ұйымдастырылған әуесқойлар арасындағы ел чемпионатында топ жарған қарағандылық «Биосфера» командасының ойыншылары да бар.

Жерлестер топтық кезеңде Гана, Үндістан және БАӘ құрамасын жеңіп, I орынмен 1/8 финалға шықты.

Бұл кезеңде жерлестер былтыр әлем чемпионы атағын жеңіп алған Мексика құрамасынан айласын асырды. Осы қарқынмен ширек финалда Чехия құрамасын жеңді. Енді отандастарымыз жартылай финалда Еуропа чемпионы Әзірбайжан құрамасымен кездеседі.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• ПРЕМЬЕРА

«Олар жайлы айтылмайды биік-биік мінбеден»

Қарағандыда Ұлттық ұланның арнайы максаттағы бөлімшелерінің қызметік өмірін баяндайтын «Бүркіт» фильмінің премьерасы өтті. Тұсаукесерге Ұлттық ұланның сарбаздары отбасымен келді. Әсіресе, жастардың қарасы — қалын.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Арнайы жасақтың тапсырманы орындау кезіндегі қарақшылармен қақтығысы сәтті түсірілген. Жауынгерлер автоматтан оқ атады, жарылғыш лақтырады. Бәрі шынайы. Оқ тигендер еденге сұлап жатады. Дәл осы жанрды ұнататын көрермендер қызығатындай-ақ туынды. Қылмыс әлемінің тілі, яғни, жаргондар да қамтылған.

Фильмде талай адамның өмірін қиған, тағдырларды ойыншық қылған, халықаралық деңгейде көп мөлшерде есірткі саудалаған қылмыстық топты ұстау операциясы баяндалады. Операция бірнеше жылдар бойы жоспарланған. Оларды әшкерелеу үшін құқық қорғау органдарының өкілдері өз өмірлерін бәске тігіп, қаннәзерлердің арасына тыншы боп енеді. Сонда жүріп әріптестеріне астыртын ақпараттар жолдайды. «Бүркіт» арнайы жасағындағы үш дос — басты рөлде. Олар арнайы жасақтың құрманына ену үшін, күрент беретті кино үшін аяныбай тер төгеді. Полигондағы жаттығулары да көрсетіледі. Мақсаттарына жету үшін небір бейнетті көреді. Межелі күнге жеткенде бронды көлік тізгіндеген, саунг асынған, мұздай қаруланған «Бүркіт» жасағы қала шетіндегі мафияның казиносына «штурм» жасайды. Штурм кезінде арнайы жасақ жауынгерлері бейбіт тұрғындардың өмірін сақтау үшін кеуделерін оққа тосады.

Басты рөлдегі үш достың бірі қаруластарын аман сақтау үшін едендегі гранатаның үстіне жата кетеді. Фильм оқиғасы осылай өрбиді.

Фильмді барынша шынайы ету мақсатында режиссерлер «Бүркіт» арнайы максаттағы жасағының ардагерлеріне жүгініпті. Олар полигондағы жаттығулардың қалай өтетінін баяндап берген. Жауынгерлер қарулы қақтығыс кезінде қалай әрекет етеді, қандай әдіс қолданады, бәрі кәсіби деңгейде көрсетілген.

— Арнайы максаттағы жасақтардың сапында жүрген азаматтар бейбіт күнді сақтау үшін, тұрғындарды қорғау үшін өздерінің өмірлерін қауіп-қатерге тігеді. Олар — көзге көрінбейтін қаһармандар. Тапсырманы орындау барысында қаза тапқандар көп. Отанның тыныштығы сарбаздар үшін бірінші орында. Бұйрықты бұлжытпай орындап, ел іргесін сақтап жүр. Мына туынды сол ерлердің өмірін баяндайды. Оқ пен оттың арасында жүрген арыстандар. Ел өз қаһарманын білсін, көрсін, қадірін түссін, — деді полковник Қазбек Әубәкіров.

Фильм соңында ізгілік пен әділет жеңіске жетеді. Арнайы максаттағы жасақ өз тапсырмасын сәтті орындайды. Бірақ, қақтығыс кезінде қарулас достарынан да айырылады. Осы эпизодтар арқылы ел тыныштығын күзеткен жауынгер өмірінің бір қыры көрсетілген.

• ЧЕМПИОНАТ

Аймақ намысын 40 атлет қорғайды

Қарағандыда полиатлоннан ел чемпионаты басталды. Додаға барлық облыстан 12 мен 70 жас аралығындағы жүзден астам спортшы келді. Екінші қарашадан бесінші қарашаға дейін жалғасады. Айта кетейік, бұл чемпионат осымен бесінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Қарағандының намысын 40 атлет қорғайды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарыстың бірінші күні спортшылар 60 метр спринттен, екінші күні пневматикалық мылтықтан атудан, үшінші күні 50-100 метр жүзуден, төртінші күні төзімділікке жүгіруден бақ пен баптарын сынайды. Әйелдер 500-1000 метр, ал, ерлер 1000-2000 метрге жүгіреді.

Облысымыздың намысын ҚР спорт шебері, әлем чемпионаттарының жүлдегерлері, республикалық біріншіліктердің бірнеше дүркін жеңімпаздары Виктор Горохов, Рафаил Тинчурин, Глеб Соболев, Галина Музапарова сияқты жетекші полиатлоншы спортшылар қорғайды.

Қатысушылардың арасындағы ең ересегі — Виктор Горохов. Ол — 77 жаста. Спортпен бала кезінен айналысып келеді. Суда балықша жүзеді, жүгіреді, тапаншадан да атады, шаңғымен де сырғанайды. Бірақ, кәсіби түрде шұғылданбаған. Зейнет жасына дейін Қарағанды техникалық университетінде сабақ берген. Әлі сергек. 2017 жылы өткен Әлем чемпионатында алтын медаль алған. Таңертең жүгіріп,



- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VR00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD0003131,
БИК KZJ8KZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 123 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жан АМАНТАЙ

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор — Қ.Ж. ӘБІЛДА

Директордың орынбасары —

«Индустриальная Караганда»

газетінің бас редакторы —

О.В. МЯГКИХ

Директордың орынбасары —

Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор —

Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары —

Қ.А. АЙТЖАН

Тайп редакторы —

І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшының м.а —

С.Б. ЛИЯШ